





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

САУАЛНАМА ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Сауалнаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері	3
3	Сапа менеджменті жүйесіндегі сауалнама	4
4	Сауалнама нәтижелерін талдау	6
5	Ғылыми зерттеулер шеңберінде сауалнама жүргізу	7
6	Қорытынды ережелер	8

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы сауалнама туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі-Университет) сауалнаманы ұйымдастырудың және жүргізудің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Еревандағы министрлер конференциясы мақұлдаған еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары, 2015ж.14-15 мамыр.

1.3 Ереженің күші Университетте білім алушылар мен қызметкерлер, сондай-ақ бөгде ұйымдар жүргізетін сауалнамаларға қолданылады.


1.4 Сауалнамаға респонденттер ретінде қатыса алады:

- білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар;
- құрылымдық бөлімшелердің оқытушылары мен қызметкерлері;
- барлық іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша Университет түлектері;
- жұмыс берушілердің өкілдері.

1.5 Сауалнама жүргізуге құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Университеттің алқалы органдары, студенттік өзін-өзі басқару, бөгде ұйымдардың өкілдері (ректордың келісімі бойынша), сондай-ақ ғылыми жұмыстар шеңберінде зерттеулер жүргізетін білім алушылар бастамашылық жасай алады.

1.6 Университетте сауалнама жүргізеді:

- академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМҚ);
- Университеттің құрылымдық бөлімшелері;
- Университет түлектерінің қауымдастығы;
- ғылыми жұмыс шеңберінде зерттеу жүргізетін Университет білім алушылары;
- Университет ректорының шешімі бойынша арнайы құрылған топтар (оның ішінде Бөгде ұйымдардың өкілдерінен құралған).

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

2 САУАЛНАМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Сауалнама арқылы зерттеулер екі бағытта жүргізілуі мүмкін:

- білім беру сапасының менеджменті жүйесі шеңберінде жүргізілетін зерттеулер;
- Университет оқытушылары мен білім алушылары өздерінің ғылыми жұмыстары немесе гранттар мен шарттар бойынша орындалатын жобалар шеңберінде бастамашылық еткен ғылыми бағыттағы зерттеулер.

2.2 Қызметтің басқа аспектілері бойынша, сондай-ақ бөгде ұйымдардың сұрау салуы бойынша сауалнама ректордың бұйрығы негізінде жүргізіледі, онда нәтижелерді ұйымдастыруға, жүргізуге және өңдеуге жауаптылар айқындалады.


2.3 Білім берудің сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) шеңберіндегі сауалнама оқу процесінің жай-күйін жан-жақты зерделеу, оқу процесінің сапасына мониторинг жүргізу, білім беру қызметтерін тұтынушылардың Болон процесінің қағидаттарына және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық стандарттарға сәйкес оның нәтижелеріне қанағаттану дәрежесі мақсатында жүргізіледі.

2.4 СМЖ шеңберіндегі сауалнама нәтижелерін талдау Университет бөлімшелеріне барлық БББ бойынша оқыту сапасын арттыруға көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.

2.5 Ғылыми бағыттағы сауалнаманың мақсаты ғылыми зерттеу тақырыбына сәйкес Университет студенттері арасында орын алатын әртүрлі зерттелетін процестер, тенденциялар және әлеуметтік құбылыстар туралы эмпирикалық мәліметтер алу болып табылады.

2.6 Сапа менеджменті жүйесі шеңберіндегі сауалнаманың негізгі міндеттері:

- білім алушыларға тұтастай алғанда, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен жекелеген пәндер бойынша білім беру процесінің шарттарын, мазмұнын, ұйымдастырылуы мен сапасын бағалауға мүмкіндік беру;
- Университетті таңдау себептерін, дайындық бағытын (білім беру бағдарламасын) зерттеу;
- білім алушылардың оқыту сапасына, білім беру процесін қамтамасыз ету жағдайларына және жайлы білім беру ортасына қанағаттануын анықтау;
- Университетте сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілерін анықтау;
- Оқытушыларды оқыту әдістемелерін жетілдіруге мүмкіндік беретін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін Университет қызметкерлерінің жұмыс жағдайларына қанағаттану деңгейін анықтау;
- түлектердің Университетте оқуға қанағаттану дәрежесін анықтау, түлектерді жұмысқа орналастыру тетіктерін анықтау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет

- жұмыс берушілердің түлектердің дайындық деңгейінің Еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін бағалауы;
- білім беру процесіне қатысушылар, Университет қызметкерлері мен басшылары арасындағы байланыс пен ақпарат алмасудың тиімділігін талдау және арттыру;
- Университетте білім беру процесін жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу.

3 САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САУАЛНАМА

3.1 Сауалнаманың негізгі талаптары:

- сауалнама мазмұнының Университеттің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- сауалнама рәсімдерінің жүйелілігі мен реттілігі;
- стандартталған процедуралар мен сауалнама критерийлерін қолдану;
- қатысудың анонимділігі;
- сабақтастық;
- ақпараттылық.

3.2 Сауалнама ерікті негізде жүргізіледі.


3.3 Сенімді нәтижелер алу үшін сауалнамамен респонденттердің ең көп санын қамту ұсынылады.

3.4 Сауалнаманың анонимділігі респонденттің аты туралы деректердің болмауымен қамтамасыз етіледі. Әртүрлі топтар бөлінісінде деректерді өңдеу үшін сауалнамада респондент оқытылатын факультет, курс және білім беру бағдарламасы (БББ) туралы деректер сұралуы мүмкін.

3.5 Оқу жылының басында академиялық сапа жөніндегі кеңестің (СЖК) бірінші отырысында ағымдағы оқу жылына СМЖ шеңберінде сауалнама жүргізудің жоспар-кестесі бекітіледі. Оған жыл сайын АМҚ жүргізетін мониторингтік зерттеулер және білім беру процесінің сапа мәселелерін зерттеу үшін ағымдағы оқу жылына құрылымдық бөлімшелер бастамашылық ететін зерттеулер кіреді.

3.6 Сауалнама жүргізудің жоспар-кестесін АМҚ (қосымша) жасайды. Жобаланған зерттеулерді жоспар-кестеге енгізу үшін құрылымдық бөлімшелер оқу жылының басында АМҚ-ке өз өтінімдерін беруі керек. Өтінімге сауалнаманың болжамды мәтіні қоса беріледі және оның мақсаты көрсетіледі.

3.7 Бекітілген сауалнама жоспары-кестесі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың (СҚК) және сауалнама кезінде қызметі қозғалатын Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының назарына жеткізіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

3.8 Сауалнаманы әзірлеуге, сауалнаманы жүргізуге, оның нәтижелерін өңдеуге, кейіннен сауалнама нәтижелері бойынша есепті дайындауға сауалнаманың бастамашысы және әзірлеушісі болып табылатын құрылымдық бөлімше жауапты болады. Ұйымдастырушы сауалнама объектілерін, сауалнама жүргізу мерзімдерін айқындайды.

3.9 Сауалнаманың мазмұны Университеттің стратегиялық мақсаттары мен білім беру үдерісіне сәйкес болуы тиіс. Мазмұны студенттердің Университеттегі білім беру процесінің сапасын бағалаудың өзекті міндеттеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

3.10 Сауалнамаға енгізілген сұрақтардың мазмұны мен тұжырымдары сауалнама жүргізер алдында академиялық сапа жөніндегі кеңесте бекітіледі.

3.11 Сауалнама жүргізу кезінде сауалнамалардың мынадай түрлері қолданылады:

- 1) "Білім алушылардың білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы" сауалнамасын әдістемелік жұмыс бөлімі жүргізеді;
- 2) "Оқытушы студенттердің көзімен" сауалнамасын әдістемелік жұмыс бөлімі жүргізеді;
- 3) "Университет білім алушыларын даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірі" сауалнамасының нәтижелері тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөліміне ұсынылады;
- 4) "Түлектердің Университетте алған білімінің сапасына қанағаттануы" сауалнамасының нәтижелері тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөліміне ұсынылады;
- 5) "Таза сессия" сауалнамасын қауіпсіздік қызметі бөлімі жүргізеді. Алынған деректер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бойынша талдау және есеп беру үшін пайдаланылады.


3.12 Сауалнама онлайн платформалар арқылы (жақсырақ) және/немесе қарапайым қағаз түрінде сауалнамаларды толтыру арқылы жүзеге асырылады.

3.13 Сауалнаманы АМҚ қызметкері қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшелердің және студенттік өзін-өзі басқарудың жауапты өкілдерін тарта отырып жүргізеді.

3.14 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары (декандар, кафедра меңгерушілері) білім алушыларға сауалнама нысаны мен уақыты туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға жауапты.

3.15 Социологиялық зерттеудің бастамашысы ретінде әрекет ететін Университеттің құрылымдық бөлімшесі сауалнама жүргізудің жоспар-кестесінің тізбесіне кірмейтін сауалнамалардың көмегімен әлеуметтанулық зерттеу жүргізу қажет болған кезде:

- жүргізілетін зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әлеуметтік сауалнама жүргізу үшін сауалнама макетін әзірлейді;
- сауалнама макеті Университеттің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

сәйкестігін анықтау мақсатында сапа менеджменті және стратегиялық жоспарлау бөліміне келісуге ұсынылады.

4 САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

4.1 Сауалнамаларды өндеуді АМҚ қызметкерлері қажет болған жағдайда сауалнамаға қатысқан құрылымдық бөлімшелер мен студенттік өзін-өзі басқару өкілдерін тарта отырып жүргізеді. Басқа құрылымдар бастамашылық жасаған сауалнама нәтижелерін өндеуді АМҚ-ке есеп бере отырып, бөлімшенің жұмыс тобы жүргізеді.

4.2 Сауалнама қорытындылары бойынша диаграммалар, кестелер немесе ақпаратты статистикалық ұсынудың өзге де құралдары түріндегі әрбір мәселе бойынша таңдаудың пайыздық арақатынасын, олардың сандық және сапалық талдауын көрсете отырып, жинақталып алынған деректерді қамтитын талдамалық анықтама (есеп) жасалады.

4.3 Сауалнама нәтижелері проректорларға, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жеткізіледі.

4.4 Талдамалық анықтама (есеп) осы бағытқа жетекшілік ететін проректорға ұсынылады. Қызметі қарастырылып отырған проблемамен байланысты құрылымдық бөлімшелердің (факультеттердің, кафедралардың және т.б.) басшылары үшін есепке қосымша электронды түрде дайындалады. Бұл қосымша жалпы дайындық бағыты бойынша да, жекелеген мамандықтар үшін де құрылған сауалнама сұрақтары бойынша білім алушылардың жауаптарын бөлуді қамтиды. Үлестірулер кестелік түрде мәтіндік түсініктемесіз ұсынылады.


4.5 Сауалнама нәтижелерін талқылау Университеттің алқалы органдарының (академиялық сапа жөніндегі кеңес, оқу-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес), сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың, кафедралар мен бөлімдердің отырыстарында өтеді.

4.6 Талқылау қорытындысы бойынша білім беру қызметтерінің, ПОҚ жұмысының сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады, ол Университет сайтында орналастырылады.

4.7 Сауалнама нәтижелері білім беру процесінің сапасы мәселелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі.

4.8 Сауалнамалар мен сауалнама нәтижелері факультеттерде, АМҚ-те 5 жыл бойы электронды және/немесе қағаз түрінде сақталады, олардың нәтижелері Университет сайтында жарияланады.

4.9 Білім беру сапасын басқару жүйесінде мониторингтік зерттеулер жүргізу нәтижесінде алынған ақпарат Университетте ішкі пайдалануға арналған.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

5 ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ШЕҢБЕРІНДЕ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ

5.1 Ғылыми зерттеулер шеңберіндегі сауалнамаларға білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының басшылары, сондай-ақ гранттар, шарттар және өз бастамалары бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жобаларына қатысатын Университет қызметкерлері бастамашылық жасай алады.

5.2 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу шеңберінде бакалавриат пен магистратураға сауалнама ұйымдастырған кезде оларға сауалнама жүргізу бағдарламасы мен сауалнаманы ғылым бөлімімен келісу қажет. Егер сауалнама тақырыбы тұтынушылардың қанағаттанушылығына және оқу процесінің сапасын талдауға қатысты болса, АМҚ мен СМЖ және стратегиялық жоспарлау бөлімінен қосымша келісім алынады.


5.3 Оқытушының ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі сауалнама жүргізуге, нәтижелердің дұрыстығына жауап береді және зерттеу нәтижелерін осы зерттеу жұмысының шеңберінде ғана пайдалануға кепілдік береді.

5.4 Білім алушылар ғылыми жетекшінің қатысуымен алынған нәтижелерді зерттеу практикасы бойынша есептерде, бітіру біліктілік жұмыстарында, жарияланымдарда, конференцияларда және т. б. пайдалануға құқылы, бұл ретте ақпарат ғылыми этика қағидаттарын сақтай отырып берілуге және Университеттің, оның құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлері мен білім алушыларының беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс.

5.5 Ғылыми бағыт шеңберінде білім алушыларға сауалнама жүргізу үшін докторантқа немесе Университет қызметкеріне ректордың рұқсатын алу қажет. Ол үшін сауалнаманың тақырыбын, оны жүргізудің қажеттілігін (маңыздылығын, орындылығын) негіздейтін және зерттеу нәтижелерін осы зерттеу жұмысының шеңберінде ғана пайдалану туралы кепілдік беретін қызметтік жазба беріледі. Қызметтік жазбаға ғылым бөлімімен және проректорлармен (ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі мен оқу және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша) келісілген сауалнама мен сауалнаманың негізгі ережелері қоса беріледі.

5.6 Сауалнама нәтижелері Ғылым бөліміне ұсынылуы керек. Зерттеушілер алынған ақпаратты конференцияларда, семинарларда және басылымдарда ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана пайдалана алады. Зерттеушілер ұсынған ақпарат Университеттің беделіне нұқсан келтірмеуі керек.

5.7 Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен әлеуметтік зерттеулер шеңберінде Университеттің білім алушылары мен қызметкерлеріне Бөгде ұйымдардың сауалнамасын жүргізуге бөгде ұйымдар Университет ректорының атына жүргізілетін зерттеудің тақырыбы, оның мақсаттары мен міндеттері, оны Университетте жүргізудің маңыздылығы мен орындылығын негіздеу қоса берілетін ресми хатпен жүгінеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет


5.8 Ректордың үшінші тарап ұйымымен оң шешімі болған кезде зерттеу жүргізу шарттары, зерттеу нәтижелерін тек осы зерттеу жұмысының шеңберінде пайдалану кепілдіктері және т. б. туралы шарт жасалады.

5.9 Бөгде ұйымның зерттеу жүргізуін бақылау Университет проректорларына жүктеледі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Университеттің алқалы органдарының отырыстарында қаралады.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

6.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	"Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ	1-нұсқа: 28.12.2023
	САУАЛНАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9-бет

Қосымша

БЕКІТІЛГЕН

Академиялық сапа жөніндегі кеңес,

20.09.2023 жылғы №1 хаттама

Төраға

А.Е.Турумбетова

Сауалнама жүргізу кестесі

№	Сауалнама атауы	Өту уақыты	Жауапты тұлғалар
1	Білім алушылардың білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттануы	Ақпан	Кафедралар, әдістемелік бөлім
2	Оқытушы студенттердің көзімен	Желтоқсан/маусым	Кафедралар, әдістемелік бөлім
3	Университет білім алушыларын даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірі	Сәуір	Кафедралар, тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөлімі
4	Түлектердің Университетте алған білімінің сапасына қанағаттануы	Наурыз-сәуір	Кафедралар, тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөлімі
5	Таза сессия	Желтоқсан/маусым	Кафедралар, қауіпсіздік қызметі